# "Мемлекеттік-жеке меншік серіктестік негізінде 100 мектеп пен 100 аурухана салу" жобасын іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 2 наурыздағы N 40-ө Өкімі

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2007 жылғы 28 ақпандағы "Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

| | |
|---|---|
| Мамытбеков Асылжан Сарыбайұлы | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Басшысының орынбасары, жетекші |
| Райымбеков Сайлаухан Ғазизұлы | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Өңірлік даму бөлімінің меңгерушісі, жетекшінің орынбасары |
| Нұрғожаева Татьяна Александровна | - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Бюджет департаментінің директоры, хатшы |
| Шварцкопф Илона Альбертовна | - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Инвестициялық саясат және жоспарлау департаментінің директоры |
| Ищанов Қайрат Қыдырбекұлы | - Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты |
| Қосмамбетов Төлебек Қосмамбетұлы | - Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты |
| Баталов Асқар Болатұлы | - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі |
| Ерғожин Дәулет Еділұлы | - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі |
| Нүсіпова Әсем Бекқызы | - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі |
| Келімбетов Қайрат Нематұлы | - "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы |

Смағұлов - Астана қаласы әкімінің орынбасары
Болат Советұлы

Бөкенов - Алматы қаласы әкімінің орынбасары
Қайрат Ақмәдиұлы

Әбішев - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің
Ислам Әлмаханұлы орынбасары

Перуашев - "Атамекен" Қазақстан кәсіпкерлерімен
Азат Тұрлыбекұлы жұмыс берушілері жалпыұлттық одағы басқармасының төрағасы

Иванов - "Атамекен" Қазақстан кәсіпкерлерімен
Виктор Михайлович жұмыс берушілері жалпыұлттық одағының басқармасы төрағасының орынбасары

*Ескерту. Құрамға өзгерту енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2007.10.01.* N 282-ө *Өкімімен.*

2. Жұмыс тобы 2007 жылғы 11 наурызға дейінгі мерзімде "Мемлекеттік-жеке меншік серіктестік негізінде 100 мектеп пен 100 аурухана салу" 2007-2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

2-1. Жұмыс тобы 2007-2010 жылдарға арналған "Мемлекеттік-жеке меншік серіктестік негізінде 100 мектеп пен 100 аурухана салу" жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуына мониторинг жүргізсін.

*Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің 2007.10.01.* N 282-ө *Өкімімен.*

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ө.Е.Шөкеевке жүктелсін.

*Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2007.10.01. N* 282-ө *Өкімімен.*

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК